

12006  
472к

Қасым Қайсенов

# ЖАУ ТЫЛЫНДА

60 лет Победы  
ұлы Отан  
в Великой  
Союзны  
Отечественной  
Женщине  
войне  
60 жыл









10000/7+ак

Қасым Қайсенов

# ЖАУ ТЫЛЫНДА

60 лет Победы  
Ұлы Отан  
в Великой  
Согласии  
Отечественной  
Женщине  
войне  
60 жыл



"Санат" баспасы  
Алматы 2005

821.512.122-3

ББК 84 Қаз 7-44

Қ 23

Казақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Қайсенов Қ

Қ 23      Жау тылында - Алматы: «Санат», 2005. - 288 бет.

ISBN 9965-664-24-2

Халық қаңарманы, Ұлы Отан соғысы партизан отрядының командирі Қасым Қайсеновтың «Жау тылында» (1967) кітабы Ұлы Отан соғысы жекесінің 60 жылдығына орай қайтадан шығарылып отыр.

Онда партизан жазушының Украина, Молдова, Венгрия жерлеріндегі жүріп, жау тылында жасаган ерліктері шығарма арқауына айналған. Оқиғалар шынайы суреттеледі. Оның өр бір жолынан Отанға, елге, тұған жерге деген шексіз сүйіспеншілік рухы сезіледі.


К 4702250201-09  
416(05)-05 2-05

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-664-24-2

© Қайсенов Қ. -1967, 1980, 2005.

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005.



## ҰЛЫ ЖЕҢІС – БІЗДІҢ ЖЕҢІС!

### АЛҒЫ СӨЗ

Кезінде белгілі бір басылым бетінде «Ұлы женіс кімдікі?» деген мақала басылып, бұл тарихи ұлты оқиғаның маңызын жоққа шығарушылар да табылған.

Ол мақалада: «Ұлы Отан соғысы» емес, «екінші дүние жүзілік соғыс» деу керек, өйткені бұл соғыс дүние жүзіне үстемдік ету үшін Гитлер мен Сталиннің қылмысты соғысы еді, оны тойлаудың керегі жоқ» – деп, халықты иландырылары келген.

Бір кезде қазақ елі жақсылық көрсे де жаманышылық көрсे де «Кеңес Одағы» деген алып мемлекеттің құрамында 70 жыл болдық қой. Сол кезде осы Одақты паналамағанда он бөс елдің, Ресейден басқасының өз тәуелсіздігін сақтап қалу-қалмауы да екі талай еді. Сондықтан ортақ Отанымыз Кеңес Одағы болатын. Гитлер болса Еуропаның он бес мемлекеттің жаулап, күшейіп алған соң араны ашылып, Кеңес Одағын да жаулап алып, жерін иемденіп, халқын құл қылу нистімен тұтқылдан шабылу жасады. Кеңес Одағы соғыс боларын білсе де оған дайын емес екенін түсініп, соғыс апатына дайындалу үшін қаншама әрекет жасап, әзірге соғыспаудың амалын іздеп, уақытты сузуға күш салса да соғыс басталды. Гитлер басқыншылық соғыс жүргізді. Кеңес Одағы жерін, елін қорғауға амалсыздан мәжбур болды. Тәуелсіздік үшін бүкіл «Кеңес халқы басқыншылыққа қарсы қолдарына қару алды. Өзі басқыншылыққа ұшырап отырған Кеңес Одағы да басқа елдерді жаулап алып, дүниежүзіне үстемдік жасамақ болды-мыс», деу – ешбір ақылға қонбайтын тұжырым. Оның үстінен «Гитлер мен Сталин дос екен, дүниежүзін өзара бөліп алмақ болды» деу де ақылға қонбайды. Екі дос болса, Гитлер досы Сталин еліне шабуыл жасамас еді, Гитлерге жаулап алам десе, Кеңес елінен басқа да елдер барышылық еді ғой. Бірақ Гитлер дүниежүзіне үстемдік жасау үшін оған тек Кеңес Одағы ғана көдергі жасап, жол бермейтін білді. Сондықтан өзінің ең

қауіпті жауы Кеңес Одағын жаулап алып, онан қолға түскен аса зор күшпен бүкіл дүниежүзі елдерін тізе бүктірмек болды.

Сондықтан Ұлы Отан соғысын Кеңес Одағы тарапынан қылмысты соғыс деу – өрескел қате пікір.

Егер Гитлер Кеңес Одағын жаулап алса, Ресеймен шектесіп жатқан қазақ елі аман қалатын ба еді? Қазақтың кең байтақ бай өлкесін жаулап алса, халқы құл болатын еді. Сол кездегі бүкіл кеңес халықтары бірігіп күш көрсетпесе, барша адамзаттың жауы – қандыбалақ фашистерді жену де мүмкін емес болатын. Женіс оңайлықпен келген жоқ. Бұл соғыста көп құрбандыққа ұшырадық, ол рас. Бірақ адамзат баласын зор апамттан алып қалдық және болашақ миллиондаған ұрпақ аман қалғанын ұмытпайық. Сол кездегі күшті деген Франция, Италия сияқты елдер аз күннің ішінде фашист жендеттерінің табандарының астында қалды. Тіпті, Америка, Ұлыбритания сияқты алып елдердің зәресі ұшып, құты қашып, біздің басшылардың алдында құрша жорғалап, қолдарынан келгенше бізге тегін көмек бергендерін тарих біледі. Ал, Кеңес Одағы жеңді. Ол ондаған елді фашист басқыншылығынан азат етті. Кейбір керіаудар айтқандай, Кеңес Одағы да дүниежүзіне өктемедік жасағысы келсе, сол елдердің халқын асырап, бүлінген шаруашылықтарын қалпына келтіріп, азат еткен елдердің өз биліктерін өздерін беріп отырмас еді. Егер ол елдерге Кеңес армиясы басқынши ретінде кірсе, сол елді тонаудан, халқын атып-асудан бастайтын еді ғой. Әрбір солдат, әрбір кеңес офицері ол елдердің ала жібін аттады дегенді кім естіген?

«Отан үшін!» деп жау танкісінің астына түсіп, ерлікпен мерт болған марқұм атапарың, ағаларың, апаларың артында Ресеймен іргелес өзінің қазақ жері, туған елі жатқанын ойлаған, сол үшін жан қиған. Олар артындағы кейбір «ұрпақсымақтары» «қылмысты соғысқа қатыстымыс» деп қарғайды, аруагымды қорлайды деп ойламаған!

Кеңес басшыларының көрегендігіне тағы бір айғақ – күні бұрын басқыншылыққа ұшырайтынын біліп, дайындалуында. Жау тылында жалпы халықтың күресуі үшін армия иелігіндеғі қару-жарақ қоймаларын жасақтап, болашақ жалпыхалықтық партизан қозғалысына басшылық етуге аупарткомның, обкомның орталық органдарын астыртын жұмысқа қалдырды. Партизан жасақтарына басшылық етуге С.А.Ковпак, А.Федоровтарды жалған документтер-

мен жұмсаған. Соғыс алдында Федоров обкомпаритяда хатшы, ал Ковпак болса Гутивим қаласының бастығы еді. Бұл екеуі Одақ басшыларының сенімін ақтап, екеуі де генерал атағын, екі мәрте Кеңес Одағы Батыры атағын алды.

Сұрапыл соғыс барысында гитлер коопициясы біртінде ыдырап, соғыс аяғында Германия жалғыз қалып, тарих алдында, әлем алдында жеңіліске ұшырағанына күә болдық.

Кеңес халқы, Кеңес армиясы бүкіл әлемді фашизм қүшінен қорғап қалды. Ұлы Жеңістің әлемдік маңызы – осында! Ұлы Отан соғысы батырларының жанқиярлық ерліктері – адам айтқысыз ерліктер! Осы Жеңістің 60 жылдыған орай және одан кейін де Ресей, Украина, Белоруссия өкіметтері өз азаматтары мен қоса сол кездегі Кеңес Одағы құрамында болған қазіргі басқа республика азаматтарын да жасаған ерліктеріне сай марараптаулар жасаса жөн болар еді.

Ұлы Жеңістің маңызын түсіру үшін Одақ президенті болған Горбачев пен Сыртқы істер министрі Шеварнадзе екеуі Америка басшылары алдында майдангерлерді сыртынан сатып, «Кеңес Одағы жеңімпаздық рольден бас тәртады» деп жария еткен. Ал, мұндай солқылдақтықты кезінде бастап берген Н.Хрущев еді. Осы табансыздықты желеу етіп тарихты бұрмалаушылар Р.Медведев, А.Яковлев, Волкогоновтар бас көтерді. Жарыққа шыққан он үш томдық кітапта Ұлы Жеңіс тарихы бұрмаланды.


Жоқ, ағайын, жаланың да жаласы, жамандаудың да жамандау шегі болу керек қой! Ақиқаттан аттамайық. 70 жылдай Кеңес Одағы құрамында болған кезеңдегі жаман болсын, жақсы болсын өз тарихымызды өшіруден, шындықты бұрмаладан аулақ болайық.

Кеңес халқының бұл жанқиярлық ерлігін жоққа шығару – тарихқа қиянат. Бұл 50 миллионнан астам адам өмірін қиған екінші дүниежүзілік соғыстың ақиқаттын жасыру болып табылады. Біздің ел үшін Ұлы Отан соғысы болып табылатын бұл қырғын майданда жер жастанған 20 миллионнан астам халықтың аруагы алдындағы опасыздық болар еді. Гитлерлік Германияда бас көтерген ұлтшыл-фашистердің арам пигылын жүзеге асырмадан, оларды өз ұсында талқандаған жеңімпаз Кеңес халқының майдандағы, тылдағы еңбектерін кейінгі үрпақ үнемі біліп, еске алып отырғаны жөн. Сонда ғана өткенге құрмет жасап, бейбіт құннің қадірін біліп, жаңадан бас көтерген ұлтшыл-фашистік, империяшыл күштерге дер кезінде

*тойтарыс бере алды. Ұлы Женістің 60 жылдық тойы жер бетінде лайықты тойланып, адамзаттың соғыс қасіретін бұдан былай қайталамауына сабак болуы тиіс. Өкінішке орай, кейбір алпауыт империялар мұны ескерер емес.*

*Ұлы Женіс – біздің жеңіс! Бұл ең алдымен ақ ниетті адамзаттың жеңісі. Социалистік қоғам тәрбиелеген ұлттар достығының, бауырмашылдықтың жеңісі. Ел мен жерді қорғаган, үрпағына аманат етіп тастап кеткен атабаба дәстүрінің, ерлік дәстүрінің жеңісі. Алпыс жылдығын атап өткелі отырған бұл жеңіс баянды болғай! Ендігі жас үрпақ соғыстың көрмесін деп тілеймін!*

**Қасым ҚАЙСЕНОВ,**  
Қазақстанның Халық Қаһарманы,  
жазушы



## АЛҒАШҚЫ САПАР

Лейтенант Леонид Кузин асып басып келе жатыр. Екі иінінен демін алып, мениң қасыма келді де:

— Жолдас командир, сізді... — деп бастай беріп еді, мен оның сөзін бөліп:

— Ия, жайша ма, аптықпай, дұрыстап айтыңызышы, — дедім...

Леонид ентігін сәл басып, үзілген сөзін қайта жалғады:

— Генерал шақырады...

Алдымда жайып қойып, бірденелерді жазып отырған қойын дәпптерімді жалма-жан тәсқалтама тыға салып, күнқағарды оңды-солды қисайыңқырап, ойыса беретін артиллериялық фуражкамды жөндеп киіп, жүрген бойыммен блиндажға келдім. Өлдебір қыын жағдайды сезгендей, жүрегімнің дүрлігүі күшейе бастады. Сыртқы киімдерімнің қыртысын жазып, белбеуімнің қапсырмасын жөндеп, палатканың есігінен басымды қылтиттып:

— Кіруге рұқсат па, генерал жолдас! — дедім, бәсен, сыпайы дауыспен:

— Кіріңіз! — деді генерал, салмақпен орнынан тұрып:

Соны айтты да, столда жатқан оттықты алып, папиросын тұттатты.

— Сіздің шақыруыңыз бойынша келдім, генерал жолдас!

— Оттырыңыз, — деп, сырты түсіп көне тартқан сұр орындықты нұскады да, генерал жайлап өз орнына қайта отырды.

Генерал еңгезердей, толық денелі, екі иығына екі кісі мінгендей, жасы елуді қусырып, егде тартқан адам еді, бетінен қаны тамып, жайдары жүретін пішіні бүгін өзгеше сұрланып кеткен. Зейін салып қарамасаң, бөгде көзге бірден шалына қоймайтын әжім сыйықтары көз, маңдайының алдынан жирылған арқандай қыртыстынып, айқын көріне түскен. Ашық күндей мейірімді көрінетін қабагы, енді күзгі бұлттай ызгарланып, жабыңқы көрінді. Генерал әлденендей ауыр ойда отыр.

Аз отырғаннан кейін шылымының сеніп қалған түбін қайта тұтатып, құшырлана қайта-қайта сорып, маған сынаған адамдай, байқатпай көз тастап отырған толас минуттерді:

— Кіруге рұқсат па, генерал жолдас? – деген дауыс бөліп жіберді.

Жай адамша киінген, зор денелі бір сары жігіт кіріп келді де, генералға қарсы қарап тұрып, көдімгі ысылған солдатша:

— Сіздің шақыруыңыз бойынша келдім, жолдас генерал!.. – деді ол.

— Отырыңыз!.

Соны айтты да, генерал мен отырған орындықтың қасындағы бос тұрган орындықты нұсқады.

Генерал өз балаларына ақыл айтқысы келіп отырған әкелік пішінмен екеумізге сыр тартқысы келгендей алма-кезек бір-бір қарап алып, салмақпен:

— Көп сөйлеуге уақыт тар, жолдастар. Тағы да кейін әңгімелесерміз, мына бұйрықты тындаңыздар, – деп столда жатқан бір тарақ қағазды қолына ұстап, оқи бастады.

Бұйрықтың қысқаша мазмұны мынадай еді: 8-партизан отрядының командирлігіне мені, комиссарлығына Сильченконы тағайындалты. Фашист басқыншыларының қолында уақытша қалған Киев, Полтава облыстарында партизандар қозғалысын ұйымдастыруды бізге бұйрыпты, т.т.

Бұйрыққа Украина партизандар қозғалысының орталық штабының бастығы генерал-майор Срокач қол қойған.

Бұйрықты оқып болып, стол үстіне қойды да, генерал Срокач салмақпен:

— Бұйрық түсінікті ме? – деді, екеумізге алма-кезек қарап.

— Түсінікті, – дедік Сильченко екеуіміз қосарлана жауап беріп.

— Уақыт өлшеуул! Сағат үшке жиырма минут қалды. Іске тез кірісіндер! Ең негіздісі – адамды іріктеі біліндер. Адам...

Осы кездे сырттан:

— Тревога! Тревога!... – деген қатал дауыс естілді.

Блиндаждан жүгіре шықсақ, отызға тарта фашист самолеттері үстімізге шүйіліп келеді.

— Блиндажға!

— Жатындар! – деген қысқа командалар санқылдан естіліп жатыр...

Солдаттардың кейбіреулері шұқыр жерді, енді біреулері ағаштың түбін сағалап, жата-жата қалысты. Мен де бір ағашқа қарай жүгіріп бара жатып, артыма жалт қарасам,

генерал қолында биноклі, блиндаж алдындағы жуан қарагайдың түбінде тұр екен. Сильченко екеуміз алдымызда 20-30 метрдей жердегі қарағайға барып жеткенше, жарылған бомбадан айналамызыдағы жер сапырылысып жатқандай болып көрінді.

Әлгінде ғана масайрап тұрған кең дүние, аспан айналып жерге түскендей, әлем-тапырық болды да кетті. Біреуді біреу көріп болар емес.

Жуан көрі қарағайды қапсыра құшақтап, біраз тұрып қалыптын.

— Қайта оралды, сақтаныңдар! – деген генералдың таныс даусы естілді.

Фашист ұшқыштары бұл атырапта зенит зеңбіректерінің жоқтығын сезген соң, сәлден кейін қайта оралып тәмен ұшып, тәбемізден шүйіліп, ірі калибрлі пулеметтен оқ жаудыра бастады.

Біздің пулеметтер шүйілген самолеттерді атқылап жатыр. Бір мезетте фашист самолеттері келген жақтарына қарай қайта ойысып, маңайда тыныштық орнай бастады...

Блиндаждан жүгіре шыққан жас жігіт, қарағайдың түбінде жан-жаққа көз жіберіп тұрған генералдың қасына жетіп келіп:

— Жолдас генерал, сізді телефонға сұрайды!

Генерал биноклін иғынына іле салып, қалтасынан қол орамалын алып, көзін сұртті де, асыға басып, блиндажға кірді.

— Ауа тревогасы тоқталды! – деген команда берілді.

Әр жерге бытырап, сақтанған партизандар лезде жиналып, бет-ауыздарын сұртіп, киімдерін сілкіп жатқанда, генерал блиндаждан қайта шықты.

— Хал қалай, партизандар? – деп сұрады генерал құлімсіреп. – Аманбысыңдар?

Топтың ішінен бір ұзын бойыл жігіт құлшынып шығып, көптің атынан жауап берді:

— Дін аманбыз, жолдас генерал! – деді ол, сөзін қысқа-қысқа қайырып.

Генерал батыл сөйлеген жігітке сүйсінді білем, қасына жақындағы түсіп, арқасынан қақты.

— Дұрыс айтасың, жігітім. Отанымыздың жерін жаудан біржола тазартуда Қызыл Армияға жәрдемдесу партизандардың қасиетті міндеті...

Әлгі сөзді айттып болуы-ақ мұн екен, генерал түсін сұтып, Сильченко екеумізді топ ішінен шақырып алды да, бұйыра сөйледі:

— Жолдас командир, жолдас комиссар, Отан әмірін орындауға жедел кірісіндер!..

— Орындаимыз, жолдас генерал!... Отан әмірін мұлтікіз орындауға кірісеміз! – деді комиссар әрі нығыз, әрі сенімді дауыспен.

— Сенемін, жолдастар! Сапарларың оң болсын!...

Тұуелі менің қолымды, соナン кейін комиссардың қолын қатты қысты да, тәрбиелеген перзентін алыс сапарға, қанды жорыққа аттандырғалы түрған әкедей аса бір мейіріммен қарады генерал.

Менің қолымды қысқаңда генералдың алақаны дуылдал, бойыма ыстық лебі мен құшті соқсан жүргегі сезілгендей болды. Мен оның осы қалпынан бүкіл Отанымның, алыстағы Қазақстанымның тынысын сезгендей болдым.

Генерал бізбен қоштасқаннан кейін, оң жақта ағаштың тасасында түрған жеңіл машинасына отырып, штабқа қарай жүріп кетті...

Біз де іле-шала іске кірістік...

Міне, аэродромда тұрмыз. Екі-үш сағаттан кейін жау тылына аттанамыз.

Көп кешікпей генерал қайта оралды.

Мен өзіме қарасты жігіттерді сақадай сайлап алып, қатарлап тізіп, әзірлеп қойдым да, генералға келіп рапорт бердім:

— Жолдас генерал-майор, отряд жауынгерлік тапсырманы орындауға әзір!..

— Өте жақсы, – деді генерал, – жеңіске жетулеріңе тілекtesпін.

Генерал менімен бірге келді де, қатар түзеп түрған партизандардың алдында қысқаша сөз сөйлемеді:

— Аяулы партизан жолдастар! Жаудың тылына аттанғалы тұрсыздар. Сіздер ең алдымен уақытша жау қолында қалған совет адамдарына Совет үкіметінің, Ұлы Отанымыздың туысқандық сәлемін жеткізіндер!

Уралаған дауыстар аспанға шырқады. Генерал аз кідіріп, тағы да сөйлеп кетті:

— Сіздердің негізгі міндеттеріңіз: жергілікті халықтан партизан отрядтарын ұйымдастырып, жаудың тылына іріткі салу, көпірлерді, қатынас жолдарын, коммуникациялыш тораптарды талқандау. Немістердің із-өкшесіне түсіп, жеке шыққандарын батыл құртындар. Жаудың барлық құштеріне бөгет жасап, үрей туғызу – сендердің басты міндеттерің...

Генералдың жайлап, салмақты шықсан үні партизандар-

дың бойына қуат болып құйыла берді. Олар құрыштай шындалып, қайратқа бекіне түсті. Болашақ жойқын жеңістің ұшқынын содан көргендей, баршасы генералдың көзіне тұра қадалып тұр.

— Сөйтіп, Советтік Украинаны жаудан тез азат етуге Қызыл Армияға болысыңдар, жолдастар! – деп генерал сәл кідіріс тапты да: – Бауырымыз украин халқына туысқандық сәлем, – деп, сөзін аяқтап оң қолын жоғары көтерді.

Генералдың сөйлелеп бітуін асыға күтіп тұрғандай, комиссар стройдан шыға келді де, генералға жақындалап, бетіне тұра қарап тұрып, сөйлей бастады.

— Отан әмірін, үкімет тапсырмасын бұлжытпай орындауға отряд атынан серт беремін, жолдас генерал!

Соны айтты да, комиссар артына жалт бұрыльып:

— Орындаимыз ғой, жолдастар? – деді қатты дауыспен.

— Орындаимыз! – деді қатарда тұрған партизандар, бір кісідей қомақты дауыс көтеріп.

— Самолетке! – деген команда саңқ етті сол мезетте.

Команданың берілуі-ақ мұн екен, тас-түйін болып, қанаттарын қомдалап тұрған жауынгер партизандар, жиырма міндердегі жердегі самолетке беттеді. Ретпен самолетке шыға бастадық. Көз ілеспей винті зырылдалап, самолет лезде жүгіре жөнелді де, сөйткенше болмай қалықтап аспанға көтерілді. Бізben қоштасқан генерал мен шығарып салған жолдастарымыз ноқаттай болып, көзімізге әрен шалынды...

... Тұнжыраған тұн. Бізді жау қозінен жасырғысы келгендей, бүкіл аспан әлемін түнек қара бұлт қоршапты.

Самолеттің екі жағына бөлініп отырған жігіттердің барлығы да қалың ойда отыр. Анда-санда біріне-бірі: „халың қалай?“ дегендей, иек қағып, ымдасып қояды. Самолет моторының ғұрлі ешнәрсе естіртпейді. Самолет экипажының командирі қайта-қайта келіп, құлағыма.

— Ая-райы жаман, қалың тұман! – деп айқайлайды.

Мен оған:

— Жарайды, онан келіп-кетер ешнәрсе жоқ, – деп жауап қайтарамын.

— О, ол біз үшін жаман, – деп басын шайқайды ол.

Екі-үш сағаттан кейін жігіттердің кейбіреуі қалғып, кейбіреуі бірімен-бірі ымдасып сөйлесіп отыр.

Бір кезде самолет экипажының біреуі алдыңғы ұшқыш кабинасынан жүгіріп шығып: „Парашюттерінді ыңғайландар, атып жатыр!“ деп ымдалап, тәменгі жақты нұсқады. Бәріміз орнымыздан тұрып оның бүйріғын орындаадық.

Сол кезде ғана біз майдан шебіне жеткенімізді аңғардық.  
Бірсеке оңнан, бірсеке солдан жарқ-жүрк етіп ауада  
жарылған снарядты байқап қаламыз.

Бірнеше минуттан кейін самолет екипажының абыржуы  
басылып, тынышталды.

— Майдан шебінен өттік. Бізді қатты атқылады, — деді  
майор құлағыма. — Енді түсетін жер де алыс емес, бір сағатта  
сіздермен қоштасамыз...

Майор өз кабинасына кеткен соң комиссар: “бізді  
тастаймын дей ме?” дегендей ым қақты. Мен: — “Жоқ,  
әлі 2 сағат уақыт бар”, —дегендей, сағатымды нұскап, екі  
саусағымды көрсөттім.

Бұл бәріміздің де бірінші сапарымыз еді. Отыргандардың  
барлығы да, бұдан бұрын самолетке мінгенімен, парашют  
киген адамдар емес! Сондықтан бәрімізге осы парашюттың  
ашылуы ғана құпия сияқты. Бірақ парашютист-инструктордың  
аэродромда айтуы бойынша оның құпиясы жоқ. “Тек само-  
леттен қорықпай қарғы, парашют өзі ашылады”, — деген ол.

Ұзақ уақыт әркім өз ойында отырганда кабинадан майор  
шығып бәрімізben қоштаса бастады да, оның қасындағы  
комбинезон киген адам бізді реттеп, тұрғыза бастады.

Самолеттің есігін ашып жібергенде қара теңіз сияқты  
сыртқы тұнғиық қаранғылықтан күздің сұық дымқыл желі  
азынап қоя берді.

Теңіз жағасында әдейілеп құрған биіктікten суға секірген  
адамдардай, жігіттер самолеттен секіре бастады. Ең соңынан  
мен де секірдім...

## СӘТСІЗДІК

Жолдастардан айрылып, жападан-жалғыз қалғаныма  
төрт күн. Панитов орманында жүрмін. Осыдан төрт күн бұрын  
болған шайқастың үрейлі елесі көз алдынан әлі кетер  
емес.

... Жау бізді қоршап алды.. Әй, азғын-ай, егер арамыздан  
сен қашып кетпегенде, мұндай күйге әсте душар болмайтын  
да едік қой. Сенің мұндай қоян жүрек қорқақ, екі жүзді екенінді  
бұрын білген болсам... Ия, сен азғын біздің тубімізге жеттің!  
Минко, саған лағнат жаусын!.. Әнене, винтовкаларын кезеніп,  
ентелеп көк киімділер келеді. Қалбаңдаған қарға-құзғынға

ұқсап ішінара қара киімділер де көрінеді. Басқыншылардың жендертерін алғаш көргенім осы болатын. Көк киімділері – неміс солдаттары, ал қара киімділері – полицайлар, отанды сатқан азғындар. Біздің енді кейін шегінер жеріміз қалмаған. Жаумен шайқасудан басқа амал жоқ. Айнала қорғаныс жасап, небәрі тоғыз-ақ адам қыруар жауға қарсы түрмақты. Жау құрсауы қусырылып, қыспаққа алып келеді. Бірақ біздің магнит миналарын көмгөн тұсқа өлі жете қойған жоқ. “Миналар командирі” деп аталып кеткен Мишамыз міз бақпастан ағаш басында отыр. Ол өз миналарына “команда бермейінше” ұрыс бастамақ емес едік. Жау біздің күтпеген бағытымыздан сау ете қалды да, оқ атуымызға тұра келді. Жақында пелден жауды Овчаренко пулемет оғының астына алды. Жау да бізге оқты жан-жақтан қарша боратып барады. Көп ұзамай миналар гұрс-гұрс жарылып, қалың орманды басына көтерді. “Миналар командирі” де өз міндетін орындаған. Атыс үсті-үстіне үдей түсті.

— Мишаға тиді, – деді оң жағымда жатқан штаб бастығы Крикуненко, қынжыла үн қатып. Артыма жалт қарасам: Миша жер бауырлап еңбектеп келе жатыр екен. Сүйретіліп қасыма келіп, оң жақ бүйіріме басын сүйеді де:

— Мені көріп қойды... Жараланып қалдым, командир жолдас. Тапсырманың орындалды, – деді.

Оның жарасын таңып, жәрдем беруге ешкімнің де мұршасы келген жоқ. Жараланған жауынгердің қолынан пулеметін жұлдып алып, жаудың шоғырланған оң жақ қанатына қарай оқ жаудыра бастадым. Құн еңкейіп барады. Есіл-дертім: “Көз байланғанша бірер жігіт болса да тірі қалса иғі еди”, – деймін. Жау оғы бас көтертер емес.

Оқшau қалған Овчаренко маған бір жақты қолымен қайта-қайта нұсқап ымдай берді. “Жаудың аңдыздап келе жатқан жағын нұсқау ма екен қалай”, – деген оймен пулеметімнің аузын деру солай қарай бұра қойдым. Бақсам: дәл менің жатқан тұсымдағы жуан қарағайдың түбінде неміс офицерінің қасында Минько тұр екен. Атайын дегенімше болған жоқ, Овчаренко дүркін-дүркін атып жіберді. Минько сылқетіп сұлап түсті де офицер қарағайдың қалқасына жасырына қалды. Офицер тасаланған ағаш түбін оқпен олай-бұлай осып өттім. Сірә, атқан оғым нысанана дәл тиген болу керек, өйткені ол маңнан жау қарасын қайтып көре алғам жоқ. Қас қарай пулемет оғы таусылып, пистолетім ғана қалды. Жау тағы атысты. Атуды бұрынғыдан да бетер үдете түсті. Овчаренко мен Крикуненко жаралы болды. Миша қатты қиналып жан

тапсырды. Радистка қыз да көз жұмған екен. Сөйтіп топты адамнан тек пулеметчик екеуміз қалыппыз.

Екеуміз құпия деген қару-жарақ бөлшектерін жер-жерге тығып, рацияны алдық та, қорғаныс шебінен жер бауырлай жылжып шыға бастадық. Жау оғы да саябырлауга айналған. Бірақ жарасын ауырынған Борис менің сүйреуіме өзөр шыдап: “Жолдас командир, мені тастап кетіңіз. Атып кетіңіз. Шыдай алатын емеспін”, - деп зарлап келеді. Жанқияр жауынгер жолдасынды қөзің қыып өз қолыңмен қалай ата аларсың! “Қой олай деме, Борис! Қайраттан! Қоршаудан шығайық. Жаранды кейін таңып беремін. Әлі-ақ сауығып кетесің”, –деймін. Ол менің сөзіме көнгендей болып, астыңғы ернін тістеніп ұмтыла түседі. Осылайша еңбектеп келе жатқанда алдымыздан әлдекімдердің дауысы естілді. Екеуміз де бұға түсіп, құлақ түре қалдық. Бақсақ: екі неміс солдаты әлденені көтеріп, тұп-тура бізге қарай келе жатыр екен. Енді не істеу керек? Егер оқ шығарсан қетіп бара жатқан бағытымызды жау біліп қояды. Атпасам, дәл үстімізден түскелі келеді. Бұлардың қөзін не болса да гранатпен құрттайын. Гранат даусын жау жарылған минаға жорыр” – деген ойға келдім де, қол гранатымды лақтыруға ыңғайландым. Ұмырт үйірліп, қез байланып қалған шақ болатын. Еннен көзінде қана жылжып бір ағаш түбін паналадық. Әлгі солдаттар да жанымызға жап-жақын келіп тоқтады, сірә жарапанған солдат болуы керек, қолдасып көтерген біреуді ағашқа сүйеп, екі жағынан екеуі демеп ұстап тұра қалды. Мен олардың әлі де жақындей түсуін күттім. Сөл тұрған соң олар бізге қарай тағы да жылжыды. Сол сәтте қолымдағы гранатты лақтырдым. Ол үшеуінің дәл алдына барып түсті де, гұрс етіп жарылды. Басымызға төнген ажал шеңгелі алыстағандай болды, бірақ сол жерде Борис мәнгі көз жұмды. Оның аяулы жүзін жасыл жапырақпен жасырдым. Сөйтіп, жау тылында енді жападан-жалғыз қалдым...

Қалың ну орман пана болатын емес. Қаңармандықпен қаза тапқан достарымды ойласам – қаным қайнап кетеді. Осылан төрт күн бұрын жан-жағымнан аш қасқырша анталаған жау жоқ. Иен орман ішінде жалғыз қалғаныма қынжыламын.

Бұдан былай не іstemекпін? Үлкен жер белгілеп берген табысу пунктін таба аламын ба, жоқ па?

Бұрын жолым түсіп азды-көпті аралаған Украина селолары көзіме жылты көрінетін сияқты.

Сонда да сақтықпен орман шетіне шығып, айналама аратұра көз жіберсем, жау жайлана селолар томага тұйық жатыр. Жаудың әскери өлімдері жайламаған жер аз.

Село-селога сыймаған соң, тіпті кішігірім ормандар мен село маңындағы шие, алма бақтарына да орналасқан. Қысқасы, қаптаған жаудан аяқ алып жүрер жер жоқ.

Рация мен автоматымды, жұлдызды офицерлік белбеуімді ішкі көйлегіме орап, шіріген қарағайдың қуысына тықтым. Пистолетімді құрткемнің қалтасына салып алып, азық іздеу өрекетіне кірстім. Өйтпеске лаж қалмаған-ды. Аштықтан өзегім талуға айналған болатын. Тұнде елді – пункттерде барлау жасайын. Үй есігін ашу қыын. Селоның қай шетінен кірсендеге, алдыңнан маңылдан жау солдаттары шыға келеді. Оқтатекте кездескен бірен-сарап село адамдары оқшау шығып сейлесуден қорқады. Қайта ойысып, орманға тағы да келіп кірем. Ашпын. Соңша үлкен орман ішінен не бір ұшқан құс, немесе бір жүгірген аң дегенді көрмейсің. Ұшқан құс, жүгірген аңдан жүрдай мұндай да орман болады екен-ау!.. Тегінде, тірі мақұлықтан тып-типыл орман да емес шығар! Саянды сағалап, жасыл балғыныңды жайлаган аң да, құс атаулы да ауып кеткен болар. “Енде ше фашистерді аң екеш аңын да, құс екеш құстың құбыжық көргені ғой!” – деген ой келді басыма. Сөйтіп бойымды өрттей бір өкініш билеп, өзегім удай ашиды. Отыра қалып, өксіп-өксіп жылағым да келеді. Сол кездері есейіп қалсам да (жасым жиырма үшкे жаңа шықкан еді), ардақты анам, аяулы әкем есімे түседі. “Мениң қазір қандай күйде жүргенімді білмейсіңдер ғой, сендер! Өттең шіркін, білген болсандар...” деп, дәрменсіз сәбише ішімнен мұнымды шағамын... Сөйтіп отырып, қалғып кетемін... Бірақ қайтадан шошып оянамын... Сөлден соң орнынан тұрып тұртніп қорек іздеймін. Өйтсе де иен орман ішінен жүргегінді жалғағандай нәр таба қою оңай емес. Пышақтың үшымен қайыңың қабығын тесіп, оған түтік іспеттес іші қуыс ку шөп сұғып, астына консерві қалбырын тосып қоям. Сол ыдысқа әлгі қуыс қурай өзегімен тамған қайыңың шырының ішемін. Қант қосқан шай тәрізді тәтті-ақ, өзі. Ішсем әжептәуір нәр алып, жүрегім жалғанып қалғандай болады. Екінші бір қорегім: теректің сыртқы қабығының астындағы ақ шелі. Соны сыйдырып аламын да шайнаймын. Дәмсіз болғанмен, одан да талғау алғандай боламын. Соңғы күндері аштықтан әбден бұралып, көзім қарауытып, басым айналып, қарға адым жер басу мұн болып барады. Енді еңбектеп жүріп, жонғышқаның көгілдір гүлін теріп жейтін болғам. Одан өзге қорек жоқ.

“... Өттең шіркін, құс болсам! Онда майдан шебінен өзіміздің Армия, совет еліне лезде үшып өтіп кетер едім-ау... Немесе суда жүзген балық болсам, Днепр бойымен төмен

қарай Қара теңізге түсіп, одан әрі өзіміздің Қызыл Армияға барып қосылар едім...” – деп, әр алуан қиялға да шомамын. Осындай қылыш-қылыш ой шырмауында отырып, қалжырап ұйықтап кетемін, түс көремін... Құлағыма әлдеқайдан самолет моторының гүрледеген сарыны естілгендей болады. Қадалып аспанға қараймын. Өне, шығыс жақтан бір самолет самаған ұшып келеді... Міне, өзі тіпті жақындалап та қалды. Қанатының астында бадырайған қызыл жұлдызы бар. Ой, ғажап-ай, кәдімгі өзіміздің самолет қой мынау! Сөйткенше болмай, самолет қасыма жұз қадамдай жерге келіп қонады. Сол арада екі өкпемді қолыма алып, аптығып-алқына басып, оның жанына жетіп барамын. Барсам: “У-2” самолеті еken. Алдыңғы кабинасында пилот, артқы кабинасында туған ағайым Рақымбек отыр. Самолет кекке қайтадан көтерілгелі жатыр. “Ау, мені де ала кетіндер, мына орманда қаңғып, елге жете алмай жалғыз жүрмін”, – деймін оларға. “Қалай ала кетеміз? Оныңның орайы жоқ. Екі кіслік самолет. Отыратын орын жоқ”, – дейді пилот. Екеуіне жік-жапар болып тағы да жалынамын, бірақ пилот үзілді-кесілді алмайтындығын айтады, олардан қалатындығыма көзім жеткен соң: “Қош болындар, ендеше! Елге сәлем!” – деп дауыстап жібергенімде өз даусымнан өзім шошып оянып кеттім. Көзімнен жас ағып қалған еken. Өксіп қоям. Жанымда самолет те, тірі жан да жоқ, бурлі қайыңың түбінде бүрісіп, жалғыз өзім ғана отырмын... Қөрген түсімді есіме қайтадан түсіремін... Ия, екінші кабинада отырған кәдімгі Рақымбек. Ол менен бірер жасы ғана үлкен, туған ағайым. Екеуміз тетеміз. Құлыш-тайдай тебісіп, бірге өстік. Бір класта, бір партада отырып, бірге оқыдық. Мен орасан тентек едім де, ол жуас еді. Өзімнен кейін Сақыпзада, Шамшия, Құлзапыран деген ерімдей үш бірдей қарындастарым, Қабдылқайыр, Қадылбек деген егіз қозыдай екі інім бар еді. Өркайсысының мінез-құлқы да әр алуан болатын. Біреуі – анқау, ақкөніл, екіншісі – момақан-момын келгенде, енді үшінші біреуінің тұрлаусыз, екі жақтылау мінезі бар-тын. Бәрі де гүл-гүл жайнап өсіп келе жатқан күнәсіз жас сәби еді! Бірақ оларды неге болса бастайтын мен болатынмын. Жасында жұрт мені “тентек қара” деп атайдын. Кім біледі, жай өншейін солай атай салды ма, жоқ әлде істеген тентектігім шегінен шыққан соң сондай ат тақты ма еken, ол жағын ашып айта алмаймын....

... Бір күні үй іші айтқа дайындалып жатқан еді. Өкем үйде жоқ болатын. Шешем мен өжем ас үйде бауырсақ пісіріп жатқан. Біз – бір топ бала далада ойнап жүргенбіз. Май

шыжытқан ыстық күн. Бір уақытта шөлдеп су ішуге үйге кірсем, үлкен-үлкен екі астай баданадай тып пісірілген ақ бауырсақта толып тұр екен. Су ішіп, бауырсақтан бір уыстап алдым да, ішкі бөлмеге кірдім. Шешем мен әжем екеуі, сірә, шаршаған болулары керек, тер алдында терлеп-тепшіп үйықтап жатыр екен. Сыртқа қайтадан жүгіріп шығып кеттім. Далада балалар мені қаумалап қоршап алды. Оларға қолымдағы бауырсақты үлестіріп бөліп бердім.

— Бауырсақты кім берді саған? – деп сұрады сол жерде балалардың біреуі менен.

— Ешкім берген жоқ. Ас үйде бауырсақ дегенің ат-көпір! Екі астай беттесіп тұр! – дедім мен балаларға.

— Оны айтқа пісірген, – деді Сақыпзада жұлып алғандай.

— Міне, тамаша! Онда ана Қарамойылдың ішіне бауырсақ апарып, айтшылап ойнасак қайтеді? – дедім мен.

— О, ойнасак-ойнайық! Тіпті жақсы болды, ендеше сөйтейік! – деп қуаныштары қойындарына сыймай, балалар шулап кетті. Шешем байғұс бала-шагаларының көптігінен бе, қайдам, әйтеуір өте қатал адам еді. Шешем оянып кетсе, хабарлау үшін, бір баланы терезе алдына қойдым. Егер шешем оянып, ас үйде беттей қалса, қарауылшы бала қатты ысқырып, бізге: “қашындар” деген белгі беретін болды. Бір топ бала қойсын ба, кепешке салғаны кепешке, етекке салғаны етектеріне толтырып, екі астайды ә дегенше босатып, Қарамойылға қарай тартып отырдық. Әр мойылдың түбіне түйе жапырақты жайып тастап, әрқайсымыз бір-бір – “үй” болып, кезекпе-кезек айттап журміз. Бауырсақ таусылды. Ақыры: “Бауырсақты сен көп жедің, мен аз жедім”, “Сен маған айтшылап көп келдің, мен саған айтшылап аз бардым”, - деп “айтың” аяғы қиян-кескі жанжалға айналды. Жанжалды әрең дегенде басып, ауылға қарай қайтуға айналдық. Балалар үйді-үйіне тарай бастады. Бірі – көз жасын көл қылышп, екіншісі – аузы-басы бұртишп, жанындағы балаға ала көзімен ата қарап, өкпелеп барады, ал енді біреулері: “есемді жібергенім жоқ” дегендей жан-жағына қоқыланып қояды. Үйге таман жақындаған соң, Сақыпзада бізден оқшаулана бастады. Өзімнің басқа бауырларымдай емес, кейде айтқан сөзінде тұрмай, “қылмыстарымды” үйдегілерге жеткізіп қоятын әдеті бар-ды. Оның өзі әжемнің бауырында еркелеп өсті де, неліктен екені белгісіз осындаі әдетке әйтеуір машық болып алған еді. Қашанда мен “айыпкер” де, ол “айыптаушы” болатын. Сөйтіп, енді болған мән-жайды

Сақыпзаданың үйдегілерге айтып қоятынын сездім де:

— Сен осы, дәуде болса, үйге барған соң: “Бауырсақты тасып өкетейік деген Қасым!” – деп айтқалы келесің-ау, ә! – деп оған бірден қадала кеттім.

— Қаштай, айтпаймын, – деді Сақыпзада, менен қорықанынан мойылдай қара көздерін жыпылықтата түсіп.

Мен жұдырығымды түйіп, түнере түстім.

— Егер айтсаң, бұдан былай ойнатпаймын. Мына жұдырық басқа тиетінін ұмытпа...

— Ант ішсін! – деді Шамшия Сақыпзадаға сенімсіздеу қарап.

Сол-ақ екен:

— Айтсам, желкемнің шұқырын көрмейін, аяқтағы суға ағылып, көнектегі суға көміліп өлейін! – деп Сақыпзада шұбыртып сөйлей жөнелді. Бірақ мұның не деген ант екенін біле қоятын кезіміз емес. „Аузынан ант берді, айтпайды енді!” –десіп, көніліміз орнығып, үйге келдік.

Әжем байғұс аңқау адам еді.

— Бижамал, Бижамал! Бауырсақтан біреу де қалмапты! Ас үйдің төбесінен бәрін қарға тасып кетіпти, – деп бажылдап, үйден шығып келе жатыр екен. Сол-ақ екен, ішкі бөлмеден шешем де шықты. Екеуі қайтадан ас үйге кірді. Олардың соңынан ілесіп Сақыпзада кетті. Мен ас үйге басымды сұқпайтын едім. Бірақ: „Сақыпзада болған әңгімені айтып қояр. Қасында тұрайын. Қасында тұрсам, қорықаннан айта қоймас” деген оймен ас үйге іле-шала мен де кірдім. Кірсем шешем астаудың жан-жағын мұқият тексеріп қарап жүр екен. Ас үйдің ыс басқан төбесіне бір, бос жатқан астауларға бір қарап тұрды да:

— Апа, қарға тасыған болса, тым құрығанда жалғыз бауырсақ астаудың маңайына шашылып, не басқа бір жерге түсіп қалар еді гой. Мұны әдейі біреу салып алып кеткен, – деді шешем. Осы арада Сақыпзада жалтақтап маған бір, апама бір қарап қойды. „Айтсаң – ондырмаймын!” – дегендей, оған мен ала көзіммен ата қарап, жұдырығымды түйіп көрсетіп қойдым. Сол сәтте Сақыпзада жүгіріп апамның қасына барды да, мені сұқ саусағымен нұсқап:

— Апа, Қасым! – деуі мұңғ екен, шешем: “Бәсе! Ә, қара құрт” – деп маған тап берді. Мен сыртқа қарай зыта жөнелдім...

Қашып келемін, қашып келемін. Шешем өкшелеп қып келеді, қып келеді. Су тасқыны басыла қоймаған аласапыран кез болатын. Есіктің алдында Асубұлақ өзені арпалысып ағып жатыр. Дегенмен жаяу өтіп кетуге болатын

еді. Жаным әбден қысылды. Шешемнің қолына түссем онбасымды білемін. Үйде арашалайтын әкем де жоқ. Не болса да қаша бердім, қаша бердім. Бірақ шешемнің жас кезі, қуып жететін түрі бар. Енді өзеннің аргы жағына өтіп кетпек болдым да, көпірге қарай жүгірдім. Сонда да шешем соңымнан қалар емес. Өзеннің аргы бетінде кішкене тәбе бар болатын. Көпірден өтіп алған соң, соған қарай тарттым. Тәбені айналып қашып келемін. Қонылтаяқ киген өкшесі қысық етігім аяғымды қажап жанымды көзіме көрсетіп келеді. Тәбені айнала қашып қайта үйге қарай беттегенде, шешем жақындаپ қалды. Мен шаршап жүгірісімнен танып қалдым. Енді халім мұшкіл болды. Өзеннен үйге қарай өте шығатын алдында манағыдай көпір де жоқ. Сол сәтте бір айла тағы да ойлай қойдым. “Осы аяғымды қажап қорлық көрсетіп келе жатқан етігі құрғырды суға ытқытып-ытқытып жіберсем, шешем сол етікті суға жіберіп қоя берер ме еken? Дәуде болса мені емес, сол етікті қуатын болар. Киім-кешектің тапшы кезінде қарағайдай етікті суға жіберіп қоймас. Ол кісі суға ағып бара жатқан етікті ұстаймын деп әуреленіп жүргенде құтылып кетпес пе екенмін”, – дегенге тоқталдым. Сөйтіп аяғымдағы қонылтаяқ етігімді ытқытып-ытқытып жібердім де, суға қойып кеттім. Су табанындағы малта тасқа тайып бір құлап тұрдым да, үсті-басым малмандай болып, судың аргы жағына шықтым-ау әйтеуір. Қарасам, шешем судың жиегімен тәмен қарай жағалап етікті қуып барады еken. Жүгіріп үйге келдім. Әкем әлі келменті. Енді қайда тығылым керек! Қайда тығылмақ болсам да шешем тауып алатын сияқты. Үш бөлмелі үлкен ағам үйіміз бар еді. Даңыздің асты балағана сиятындағы қуыс болатын, жып етіп соған сұңғіп кеттім. Ары, түбіне барып қораның ішін бақылап жатырмын. Міне, шешемнің аяғы көрінді. Сырттағы қашаның қадаларына етіктерді қонышынан кигізе-кигізе салды да, қораға кірді. Үйге кіріп кетті. Көп кешікпей үйден шығып ас үйге, онан қой қораға кірді. Аяғын жып-жып еткізіп тез-тез басады. Соған қарағанда әлі ашуы басылмаған болуы керек, мені іздел жүр. Тым-тырыс жатырмын. Күбір-күбір сөйлеген даусын естімін, маған үрсіп жүрген болар. Әлден уақытта мені тапты-ау! Жүресінен отыра қалып маған қарады да:

— Шық бері, жанынды шығарамын, қара құрт, – деді жұдырығын түйіп. Мен інінде жатқан сұырдай бажырая қалдым. Әлгі қуысқа кіріп мені сұырып алып шықпақшы болып еді, сыймады, кіре алмады. Сосын қораның бұрышында мая салатын ұзын-ұзын өкі-үш айыр тұруши еді, соның бірін алып

келіп өзеннен балық үркіткендей қуысты көсіп-көсіп қалды. Ұзын айырдың ұшы мәндайыма тиіл кетті. Енді басымды қорғап іргеге қарай кеттім. Сол сәтте:

— Әй, мұның не? – деген әкемнің дауысы естілді. Қуанып кеттім.

— Аға, тәтем мені ұрып жүр, – деп дауыстадым.

— Қой енді! Кет былай, – деп әкем шешемнің қолындағы айырын жұлып алды да, маған:

— Бері шыға ғой!. Тентегім-ай! – деді. Шешем менің істеген содырлығымды әкеме айтып жатыр. Дәліздің астынан шықтым. Әкем құшақтап үйге алып келді де, алдына отырғызып басымнан сипап отыр. Газиз әкем маған әрқашан да пана еді. Мені жақсы көретін. Шешем байғұс та ашу үстінде ұрарын ұрғанымен, соңынан: “Тентек қарғам-ай, сотқар болмасаңшы!” – деп бауырына басып, мәндайыннан сүйетінди. Тағы да мызғып кеткен едім: жаңағы түсім қайтадан жалғаса жөнелді... Рақымбек пен пилот екеудің ақылдасып, мені ала кетуге келіскең еken деймін. Әйтсе де олар маған мынадай шарт қояды: “Ала кетеміз, бірақ самолеттің астыңғы қанаты мен үстіңгі қанатының екі арасына тікеңнен тік тұрасың. Аяғында астыңғы қанаттың көлденең арқалығына тіреп, қос қанатты жалғастырып, айқыш-ұйқыш тартылған шыбық темірден мықтап ұстап аласың”, – дейді маған. “Мақұл, ұстап тұрамын. Рақмет сендерге!” – деп, самолетке өрмелеп шығып келемін. Астыңғы қанатқа аяғымды бекем тіреп, қос қанаттың арасына тартылған шыбық темірден екі қолымды екі жаққа кере мықтап ұстап аламын. Самолет моторы гүрілдеп тұр. “Япрай, немістер келіп қалмаса иғі еді! Аспанға өттең тез көтерілсек-ау!” деп, дегірсізденіп тұрмын. Самолет орнынан жайғана қозғалып, аспанға бір-ақ көтерілді де, бағытын шығысқа қарай дереу түзеп, самғай жөнелді. Қуанышым қойныма сияр емес. Шығыстан бетіме күн шұғылалы нұрын төгіп тұр. Ұшып келеміз... Бірақ сол жерде тағы да оянып кеттім. Ояна келсем, самолетпен самғап ұшпақ түгіл, керек десе тіпті құннің көзі көрінер де емес. Манағы қайыңға арқамды сүйеп, бүрісіп әлі отырмын. Қөнілім жабырқап қалды. Иен орман іші... Жанымда тірі жан жоқ... Жалғызыбын... Сол күні жаңағы қайыңның түбін паналап, түнеп шықтым. Осылай арада тағы да ұш күн өтті. Халім мүшкіл бола береді. “Өттең, Днепр жағасына жетсем!” – деп ойлаймын. Бірақ аяғымды басып, жүре алмаймын. Дегенмен лаж жоқ. Ілгері сүйеніш қылуға таяқ өзірлеп, Днепрге қарай ілбіп келемін. Содан күн бата Днепр жағасына да жеттім-ау, әйтеуір. Таңдайым кеүіп,